




Адалдық пен әділдік



Сабақтың мақсаты:

- *Оқушыларға адал, әділ, адамгершілік ұғымдарына түсінік беру.*
- *Бір-біріне деген көңілі таза, пейілі кең, шын дос бола білу ұғымдарын қалыптастыру.*
- *Шындықты айта білуге тәрбиелеу.*



Сабақтың міндеттері:

- *адами қарым-қатынастағы адалдық пен қоршаған ортадағы, өмірдегі әділдіктің орны мен маңызы туралы түсіндіру;*
- *оқушылардың адалдық пен әділдікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытуға ықпал ету;*
- *оқушыларды адалдыққа, әділдікке және шынайылыққа тәрбиелеу;*





Тыныштық сәті:
“Нұрға бөлену”

- Ыңғайланып, отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.
- Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.
- Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елесетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарды. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.
- Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.
- Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің дененізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын. Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз; « Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын»
- Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...
- Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.
- Жаймен көзіңізді ашуға болады.
- Рақмет.

Үй тапсырмасын тексеру.

- Сабырлылық пен ұстамдылық.

Осы тақырыпқа байланысты өлеңдер,
мақал-мәтелдер жаттау.

**Білім мен өнерді сүй, сусында,
Деп айтсын ел: “Осындай ер тусын да!”
Арың-адал, әділ болсаң әрқашан
Дүниенің бір бақыты уысыныда
Түспегені абзал ғой арға дақтың,
Күйін кешпе түнде ұшар жарғанаттың.
Адал адам әрқашан-еңсесі тік,
Әділдікті ту еткін, қолғанатым.**

Қ.Нақысбеков



Адалдық пен әділдік

олар адам бойында кездесетін адамгершілік қасиеттер. Адал, әділ болу кез келген адамның қолында. **Адалдық** - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана сезімі мен ар ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моралдық-этикалық жиынтығы.

- **Әділ болу деген-өзінің де, өзгенің де сөзін қорғай білу.**
- **Әділетті болу деген, ешкімнің сөзіне еліктемей ,шындыққа сүйене отырып, ешқандай жағдайларға қарамастан, дұрыс, адал көзқараста болу.**

Кемді күн,қызық дәурен
тату өткіз

Жетпесе,біріңдікін бірің
жеткіз!

Күншілдіксіз,тату бол,
шын көңілмен,

Қиянатшыл болмақты
естен кеткіз!



А.Құнанбаев

Дәйексөз

- Дүниеде әділдік пен адалдықты ту еткен адамнан артық ешкім жоқ.

Ш. Уәлиханов



Адамның ниеті, ойы, іс-әрекеті шындыққа негізделгенде адам өзіне де, өзгеге де адал болады. Адал болу кез келген адамның өз қолында. Ол біздің ішкі жан дүниемізден бастау алады. Адамның көңілі таза, пейілі кең, адал, шыншыл болғанда әділдікке қол жеткізеді.



1.Әділет тілесен ,атаңның болсын айыбын айт.

М.Әуезов

2.Алдына келсе,әділдігіңді аяма-аймағың кетпес алдыңнан

Ы.Алтынсарин

3.Әділдік жоғалған кезде адамдар өмірін мәнді ететіндей ештеңе де қалмайды.

И.Кант

Оқулықпен жұмыс.



Адал бала (корей ертегісі)

- 1. Бала неліктен алтын, күміс балталардан бас тартты?
- 2. Оларды бірден алса не болар еді?
- 3. Баланың ісін адал деп айтуға бола ма?
- 4. Ақсақал қабылдаған шешімді қалай бағалауға болады?

Жағдаяттар:





1. Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді.
Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көріп:


-Менің қалтамда апам “самса алып жерсің” деп берген ақша бар. Кеттік, кино көрейік,-дейді.

Алмагүл:

-Үйден сұранып шыққан жоқпыз. Іздеп қалады ғой,-деп іркіліп қалды.

-Ештене етпес, “мектепте болдық” деп айта саламыз...

* Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің?






- Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнделікті кешке қарай мені өзімен серуендеп жүруге шақырады. Ол: “Менің анам сенімен бірге жүргенімді білсе, қарсы болмайды”, - дейді. Досыма үйінде ата-анасы ұрыспауы үшін, мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым. Басында мен қиналмастан оларды жасырып жүрдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал менде күнде өтірік айтуды ұнатпайтын болдым. Мен досымнан ажырағым келмейді. Сонда менің не істеуім керек?



3. Тәрбие жөніндегі орынбасары Наурыз мерекесін өткізуге байланысты ойланып келуге тапсырыс берді. Сен өз идеяңды топтағы сыныптастарыңмен бөлістің. Бір сыныптасың жиналыста сенің идеяңды өзінің атынан айтты.

- Сен не істер едің?





- 4. Сен сабаққа дайын емессің, бірақ оның белгілі бір себептері бар. Мұғалім саған жаман баға қойды. Бұл әділ ме? Әділ екенінді қалай дәлелдеуге болады?



Сәйкестендір.

Р/	Ұғым		Анықтамалары
с			
1	Әділ	а	Ешкімнің сөзіне еліктемей , шындыққа сүйене отырып, ешқандай жағдайларға қарамастан,дұры,адал көзқараста болу;
2	Адалдық	ә	Өзінің де,өзгенің де сөзін қорғай білу:
3	Шыншылдық	б	Адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет,адамның сана сезімімен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық этикалық

ЖАУАПТАРЫ;

- 1-Ә
- 2-Б
- 3-А

Мақал - мәтелдер






**Әділдікке жығылмайтын
ЖОҚ.**





**Әділдікке жығылмайтын адам
ЖОҚ.**





... істің арты игі





Әділ істің арты игі.





Ақиқат бар жерде бар.





Ақиқат бар жерде әділдік бар.





**Ағаш тамырымен,
Адам досымен мықты.**





**Ағаш тамырымен,
Адам адал досымен мықты.**






**Мың жолдас жақсы,
Мың жолдастан бір ... дос жақсы.**






**Мың жолдас жақсы,
Мың жолдастан бір адал дос жақсы.**





**Тістем нанның қадірін тарыққанда
білерсің,
... достың қадірін зарыққанда білерсің.**






**Тістем нанның қадірін тарыққанда
білерсің,
Адал достың қадірін зарыққанда білерсің.**






**Құс қанатымен,
Ер жолдасымен.**





**Құс қанатымен,
Ер әділ жолдасымен.**





Шығармашылық тапсырма.

1-тапсырма.

“Адалдық-адамдықтың белгісі” эссе жазу

2-тапсырма.

Менің ойымша

- Адалдық
- Әділдік



Көрініс; Бақыт пен байлық (оқушылар ертегіден көрініс көрсетеді)

- 1. Әкесі ұлдарына қандай сауал қойды?
- 2. Әкесі кенже ұлына не үшін мұрасын табыс етті?
- 3. Әкесінің өз мұрасын кенже ұлына беруі әділдікке жата ма?

Тексеру тесті

«Адамды әділетті деуге бола ма егер....?»

- А) сыныптағы балалардың бәрі бір балаға жабылып, ызаландырып тиіссе,....
- Ә) Басқалар туралы ешқашан жаман пікір айтпаса,....
- Б) Ненің жаман, ненің жақсы екенін айыра білетін болса,...
- В) Әлсізді біреу ренжітіп жатқанда, оған ара түспесе,...
- Г) Әрқашан өзінде барды тең бөліссе,....
- Ғ) Жіберген қателігіне лайықты жаза алуға дайын болса,....

. Топпен ән айту. Ақ көгершін

- Ақ көгершін, көгершін
- Қолқанат құс сен едің
- Бар кезіп қайт ел үшін
- Кең дүниенің көлемін
- Әділеттің құсы деп,
- Көз алмастан жолыңнан
- Бақыт құсы болсын деп
- Ұшырамын қолымнан
- Ел тілегін алып ұш
- Адамзаттың бағына
- Қара бұлтты жарып ұш
- Мұхиттың арғы жағына

- Сенен көзін алмайды
- Ақ ниеті бар адам
- Ақ қанатың талмайды
- Әділеттен жаралған
- Тыныш бейбіт өмірдің
- Белгісі боп қанат қақ
- Әлемге ортақ көңілдің
- Қайт шыңында қонақтап



Үй тапсырмасы:



Дәптермен жұмыс 3 тапсырма.





Адалдық.

Адалдық өміріңе керек нәрсе,
Ол да гүлдеп, нұрланар көңіл бөлсе.
Халыққа өз пайдасын тигізе алмай,
Адам боп, өзін-өзі меңгермесе.

Д.Әлімжанов

